

МАТАЛАРДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ АТАУЛАРЫН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРТУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа: Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде маталар тек материалдық тұрғыда ғана емес, терең символдық мәнге де ие болды. Тарихи деректер мен фольклорлық мұраларда жібек, мақпал, қамқа сияқты маталардың атаулары ұшырасады, олар қоғамдағы әлеуметтік мәртебе мен аксиологиялық құндылықтарды бейнелеген. Мақала мақсаты мен міндеттері маталардың көне қазақша атауларын жинақтап, олардың шығу тегін, фольклордағы, антропонимикадағы және салт-дәстүрдегі орнын талдау, сонымен қатар қолданыстан шығып қалған дәстүрлі атауларды жаңғырту жолдарын қарастыру. Зерттеуде этнографиялық, лингвистикалық және тарихи дереккөздер кешенді талданды. XIX–XX ғасырлардағы сөздіктер мен ғылыми еңбектердегі материалдар салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы зерттеліп, мата атауларының этимологиясы мен семантикасы анықталды. Фольклорды зерттеу нәтижесінде эпостар мен мақал-мәтелдердегі мата атауларының қолданысы қарастырылды. Қазақ тілінде маталардың атауларының алуан түрлілігі және қолданыс аясының кеңдегі айқындалды. Олардың қалыптасуы маталардың түрі мен сапасы, шығу тегі және қолданылатын орнына байланысты қалыптасқан. Фольклорда бұл атаулар көркем бейне жасауда маңызды рөл атқарған: мысалы, «Қыз-Жібек» эпосындағы басты кейіпкердің есімі жібек матасына лайық нәзіктік пен сұлулық символына айналған. Қымбат маталардың атауларынан шыққан әйел есімдері: Жібек, Мақпал, Торғын, Дүрия, Құлпы, Батсайы, Қамқа, Шұға және т.б. халық дүниетанымында қыздың сұлулығын поэтикалық түрде суреттейтін құрал болған. Дәстүр мен рәсімдерде мата (жыртыс, жаулық және т.б.) татулық пен сыйлық алмасудың белгісі ретінде қолданылған. Алайда қазіргі замандағы лексиконда бұл атаулар сирек қолданылады, олардың орнына шет тіліндегі атаулар еніп отыр. Маталардың қазақша атаулары – ұлттық лексиканың құнды қазынасы болып табылады. Оларды жаңғырту үшін тарихи атауларды ғылыми айналымға қайта енгізу, білім мен мәдениет салалары арқылы насихаттау, қазіргі қолданыста маталардың баламаларын табу ұсынылады. Бұл қазақ тілінің тарихи негіздерін күшейтіп қана қоймай, мәдени мұраның жалғастығын қамтамасыз етеді.

Түйінді сөздер: дәстүрлі мата атаулары,
текстиль, мәдени мұра,
салт-дәстүр,
фольклор,
этнографиялық зерттеу,
лексика,
терминология,
антропонимика.

Дәйексөз үшін:

Мұхтарова, Ғайни, және Малика Толлеугалиева. “Маталардың дәстүрлі қазақ атауларын зерттеу және жаңғырту мәселесі.” *Eurasian Science and Arts*, т. IV, № 19, 2025, с. 25-42 б. DOI: 10.65199/2617-6823-2025-4-2. (Қазақша)

IRSTI 03.20

UDK 930.85

DOI: 10.65199/2617-6823-2025-4-2

Mukhtarova Gaini ¹Toleugaliyeva Malika ²^{1, 2} Kulyash Bayseyitova Kazakh National University
of Arts (Astana, Kazakhstan)

RESEARCH AND REVIVAL OF TRADITIONAL KAZAKH NAMES OF FABRICS

Abstract: In Kazakh traditional culture, fabric names carried profound symbolic meaning alongside their utilitarian function. Historical records and folklore preserve numerous fabric terms like jibek (silk), maqpal (velvet), qamqa (brocade), etc., which signified social status and spiritual values. Aim and Objectives to catalogue the traditional Kazakh names of fabrics, study their origins and occurrences in folklore, anthroponymy, and rituals, and propose measures for reviving these obsolete terms. A comprehensive analysis of ethnographic, linguistic, and historical sources was conducted. By comparing data from XIX–XX centuries dictionaries and research, the etymology and semantics of fabric terms were elucidated. Folklore texts (epics, proverbs) were examined to understand the usage of fabric names in cultural contexts. The Kazakh language historically possessed an extremely rich vocabulary of fabric names. These terms emerged based on the type and quality of material, its origin, and its cultural use. In folklore, such terms played a key role in imagery: for instance, the hero's name in «Kyz - Zhibek» epitomizes idealized female beauty and tenderness associated with fine silk. Several feminine given names (Zhibek, Maqpal, Torghyn, Duriya, Kulpyu, Batsaiyu, Kamka, Shyga and etc.) were derived from precious fabrics, serving as poetic metaphors that elevated a daughter's value. In rituals, fabrics (zhyrtys, jaulyk and e.g.) symbolized peace offerings, respect and blessings. In modern usage, however, many of these terms have fallen out of use and have been replaced by foreign words. The traditional Kazakh fabric lexicon is a valuable heritage. Revitalizing these terms requires reintroducing historical names into scholarly and everyday use, promoting them through education and cultural programs, and developing Kazakh equivalents for contemporary textiles. Such efforts will strengthen the language's historical continuity and preserve an important aspect of cultural identity.

Keywords: traditional fabric names,
textile, cultural heritage,
ritual,
folklore,
ethnographic study,
lexis,
terminology,
anthroponymy.

Cite:

Mukhtarova, Gaini, and Malika Toleugaliyeva. "RESEARCH AND REVIVAL OF TRADITIONAL KAZAKH NAMES OF FABRICS." *Eurasian Science and Arts*, vol. IV, no. 19, 2025, pp. 25-42. DOI: 10.65199/2617-6823-2025-4-2. (in Kazakh)

ГРНТИ 03.20

УДК 930.85

DOI: 10.65199/2617-6823-2025-4-2

Мухтарова Гайни¹Толеугалиева Малика²^{1, 2} Казахский национальный университет искусств
имени Күләш Байсейитовой (Астана, Казахстан)**ВОПРОСЫ ИССЛЕДОВАНИЯ И ВОЗРОЖДЕНИЯ ТРАДИЦИОННЫХ КАЗАХСКИХ НАЗВАНИЙ ТКАНЕЙ**

Аннотация: В традиционной культуре казахов названия тканей имели не только бытовое, но и символическое значение. В исторических источниках и фольклоре встречаются такие названия тканей, как: жибек, макпал, камка и др., отражающие социальный статус и аксиологические ценности. Цель и задачи статьи – собрать казахские названия тканей, исследовать их происхождение, роль в фольклоре, антропонимике и обрядах, а также определить пути возрождения вышедшей из употребления традиционной терминологии. Комплексно проанализированы этнографические, лингвистические и исторические источники. Посредством сравнительно-сопоставительного метода материалов научных трудов и словарей XIX–XX вв. выявлена этимология и семантика терминов текстиля. В результате анализа фольклора рассмотрено использование названий тканей в эпосах, пословицах-поговорках и обрядах. Установлено, что в казахском языке исторически существовал чрезвычайно богатый пласт наименований тканей. Их формирование связано с видом и качеством материи, источником происхождения и областью применения. В фольклоре эти термины имели важное значение в создании художественного образа: например, имя героини эпоса «Кыз-Жибек» стало олицетворением нежности и красоты, сравнимой с шелком. От названий дорогих тканей были образованы женские имена, такие как: Жибек, Макпал, Торгын, Дурия, Кулпы, Батсайы, Камка, Шуга и др., служившие поэтическим символом описания красоты девушки. В обрядах ткань (жыртыс, жаулык и др.) выступала символом перемирия и дарообмена. Однако в современном лексиконе большинство этих терминов вышло из активного употребления, будучи вытесненными иноязычными наименованиями. Казахские названия тканей представляют собой ценное наследие лексики. Их возрождение возможно через возвращение в научный и повседневный оборот исторических терминов, их популяризацию в сфере образования и культуры, а также создание казахских эквивалентов названий для современных материалов. Это позволит укрепить историческую основу языка и обеспечить преемственность культурного наследия.

Ключевые слова: традиционные названия тканей,
текстиль,
культурное наследие,
обряды,
фольклор,
этнографические исследования,
лексика,
терминология,
антропонимика.

Для цитирования:

Мухтарова, Гайни, и Малика Толеугалиева. «Вопросы исследования и возрождения традиционных казахских названий тканей». *Eurasian Science and Arts*, т. IV, No 19, 2025, с. 25-42. DOI: 10.65199/2617-6823-2025-4-2. (На казахском)

Kіріспе. Материалдық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі болып саналатын мата атаулары қазақ халқының этнографиялық және тілдік мұрасында айрықша орын алады. Дәстүрлі қоғамда маталардың әрбір түрі өзіне тән атаумен аталып, сол арқылы оның сапасы, шығу тегі мен қолданыс аясы аңғарылып отырған. Мысалы, тарихи деректерде қазақтар жұқа аң терісінен жасалған матаны «баршын», алтын зерлі матаны «қамқа» деп атағаны белгілі. XVI–XIX ғасырларда Орта Азияда жібек, мақта, барқыт, парша тәрізді маталар сауда мен материалды мәдениеттің өзегі болып саналғаны белгілі. Қазақ қоғамында қымбат маталар әлеуметтік мәртебенің көрсеткіші болды: шапанға пайдаланылған жібек немесе барқыт сияқты бағалы маталар дәулеттілікті білдірсе, тұрмысқа қажетті киіз, шұға сияқты материалдар қолжетімді саналды. Демек, дәстүрлі ортада мата атаулары тек тұрмыстық затты емес, тұтас әлеуметтік-мәдени мәнді білдіретін код қызметін атқарды. Мақаланың өзектілігі – ұмыт қалған ұлттық мата атауларын зерттеп, олардың мазмұнын, қолданылу аясын және қазіргі заманға сай жаңғырту тәсілдерін айқындау болып табылады. Қазақ тіліндегі көптеген маталардың төл атаулары уақыт өте келе қолданыстан шығып, олардың орнына өзге тілдік терминдер енуде. Ұлттың мәдени кодтын ажырамас бір бөлігі болып саналатын осы атауларды қайта жаңғырту – тілдік мұрагерлікті сақтаудың маңызды шарты.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу сипаттама, салыстырмалы-тарихи және мәдениеттану талдау әдістеріне сүйенді. Алдымен, қазақ тілінің көне мата атауларын жинақтау үшін түрлі дереккөздер қарастырылды: қазақ халқының тұрмыс-салтын зерттеген этнографиялық еңбектер, тіл тарихына қатысты сөздіктер мен анықтамалар, фольклорлық мәтіндер (эпостар, ертегілер, мақал-мәтелдер). Мәтіндерді талдау барысында салыстырмалы әдіс қолданылып, мата атауларының түп-тегі, басқа тілдерден

енген кірме сөздер болса, олардың түпнұсқасы мен семантикалық дамуы анықталды. Мысалы, сөздіктердің алынған деректер бойынша «қамқа» атауының парсы тілінен келгенін, ал «жібек» сөзінің ежелгі түркілік түбірі бар екенін көрсетеді. Сонымен бірге, фольклортану әдісі арқылы эпикалық жырлар мен халық әдебиеті үлгілеріндегі маталардың атаулары талданып, олардың көркемдік қызметі зерделенді. Әдебиеттанушылық шолу жасау барысында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері негіз болды: қазақтың ұлттық киімдері және сән-қолданбалы өнері бойынша зерттеулер, Орта Азияның тоқыма бұйымдары жайлы тарихи зерттеулер, сонымен қатар шетел мұражайларындағы қазақ киімдері туралы зерттеулер қарастырылды. Бұл пәнаралық әдістеме арқылы мата атауларының лингвистикалық мәдени мазмұнын ашып, олардың қазіргі қолданыстағы орнын бағалауға мүмкіндік берді.

Талқылау. Маталардың қазақша атаулары тақырыбы түрлі зерттеушілер еңбектерінде әр қырынан қарастырылған. Тарихи-этнографиялық зерттеулерде қазақтың дәстүрлі киімінде қолданылған маталар мен олардың түрлері туралы құнды мағлұматтар беріледі. Мәселен И. Ерофеева мен Э. Усманова еңбегінде XVIII–XIX ғасырларындағы қазақ элитасының киім ерекшеліктері сипатталып, онда пайдаланылған бағалы маталар арасында жібек, барқыт, парча сияқты маталар аталған (Ерофеева, Усманова 173). А. Қасиманов қазақ қолөнері жайлы еңбегінде қазақ қауымының тұрмысында қолданылған тоқыма бұйымдарының түрлерін, оның ішінде мата түрлерін жіпке, тоқылу әдісіне қарай жіктеп көрсеткен (Қасиманов 245).

Тіл білімі бағытында маталарға байланысты арнайы лексикологиялық зерттеулер де бар. Мысалы С. Игиликова мен М. Малбақов қазақ тілінің тарихи лексикасын зерттей отырып, мата ұғымына қатысты атауларды лингвосемантикалық және этимологиялық тұрғыдан қарастырған

(Игиликова, Малбаков 163). Олардың жұмысы XIX–XXI ғасырлар аралығындағы түрлі сөздіктерді талдау негізінде қазақ тіліндегі мата атауларының шығу тегін және уәжділігін анықтаған. Нәтижесінде зерттеушілер маталардың көптеген төл атауларының ұмыт болып, орнына кірме терминдердің қолданылғанын, алайда көне атаулардың бірқатары халық жадында сақталғанын атап көрсетеді.

Дәстүрлі маталарға байланысты атаулар тек қазақтарда ғана емес, бүкіл Орта Азия халықтарында ұқсас болғанын айта кеткен жөн. UNESCO бағдарламасы аясында жарық көрген Орта Азия өркениеті тарихы еңбектерінде XVI–XIX ғасырларда аймақтағы жібек, мақта және жүн маталарының саудасы мен қолөнердегі орны ерекше аталып, ортақ терминология қалыптасқаны көрсетіледі. Яғни, қазақтың кейбір мата атаулары (мысалы, парша, мақпал, шұға) көрші халықтар тілдерінде де кездеседі немесе солардан ауысқан.

Сонымен қатар, қазақ мәдениетінде матаның әлеуметтік және рәміздік мәнін зерттеген еңбектер бар. Мысалы И. В. Стасевич қазақ қоғамында әйелдердің әлеуметтік статусын зерттеген еңбегінде әйел киімінде қолданылған түрлі маталардың (әсіресе қымбат шапандық барқыт, парча) статус белгісі болғанын жазады (Стасевич 280). Шетелдік зерттеушілер де қазақтың дәстүрлі киім-кешегіне назар аударған: С. Кунанбаева және әріптестері Ресей этнографиялық музейіндегі қазақ ұлттық киімдер коллекциясын зерттей отырып, ол киімдердің матасына, тігілу ерекшеліктеріне талдау жасаған. Бұл еңбектерде тікелей мата атаулары талданбаса да, қазақ маталарының түр-түсі, сапасы және қолдану аясы туралы пайдалы ақпарат берілген (Кунанбаева 3809).

Жалпы, әдебиеттерді шолу нәтижесі көрсеткендей, маталардың қазақша атауларын жан-жақты қарастырған зерттеулер саны шектеулі. Бар дереккөздер негізінен этнографиялық сипаттағы немесе жалпы лексикологиялық еңбектер.

Дегенмен осы атаулардың кейбір қырлары – мысалы, олардың фольклордағы көрінісі мен кісі есімдері құрамындағы қолданысы – бұрынғы зерттеулерде ішінара айтылғанымен, толыққанды жүйелі талдау жасалмаған. Осы олқылықты толтыру үшін және ұлттық мұраны жаңғырту мақсатында маталардың қазақ атауларын зерделеу өзекті мәселе болып табылады.

Зерттеу нәтижелері. Тарихи атаулардың қалыптасуы және түрлері. Қазақ тіліндегі мата атауларының тарихы ұзақ ғасырларды қамтиды және бұл атаулар халықтың тұрмыс-тіршілігі мен сыртқы ортамен байланысының айнасы іспетті. Ерте замандарда қазақтар көбіне өздері өндіре алатын материалдарды пайдаланды (жүн, киіз, тері), сондықтан осы материалдардан жасалған бұйымдардың атаулары ана тілінде қалыптасты. Мысалы, қой жүнінен тоқылған қалың матаны қазақтар «шұға» деп атаған, түкті жүннен жасалған сапалы матаны «қыжым» деген. Сондай-ақ байпақ (жүн байпақ) тәрізді сөздер киізден істелген бұйымдарға байланысты шыққан.

Ал бағалы жібек пен мақта маталарының атаулары, көп жағдайда, сырттан алынып отырған тауарларға қатысты қалыптасқан. Орта ғасырлардан бастап қазақтар Қытай, Өзбекістан, Ресей көрші мемлекеттерден мата сатып алғанда, олардың атауларын да бірге қабылдаған. Нәтижесінде қазақ тілінде мата атауларының екі қабаты пайда болды: бірі – көне түркі-монғол тілдерінен мұра болып қалған төл атаулар, екіншісі – шығыс пен батыстан кірген кірме атаулар. Мысалы, «жібек» және «торқа» сөздері түркі-моңғол түбірінен шыққан ежелгі атаулар саналады. Бұған дәлел – басқа түркі халықтарында ұқсас түрде кездесуі және көне жазба ескерткіштерде ұшырасуы. Ал «қамқа», «мақпал», «манат», «шұға», «қатипа» тәрізді мата атаулары парсы, араб немесе басқа шығыс тілдерінен енген деп есептеледі. Мысалы, қамқаның түп төркіні – парсының «хатам» деген сөзімен байланыстырылады, мәні – алтын немесе күміс зерлі мата. Мақпал – парсы тілінде

«барқыт» мағынасындағы сөз, қазақ тілінде бұл ұғымдағы тағы бір сөз – барқыт та қолданылған. «Барқыт» сөзі қазақ тіліне татар және орыс тілдері арқылы кірген (парсының «бархат» сөзі). Осылайша, бір заттың өзіне екі түрлі атау қалыптасқан: бірі – төл немесе көне (мақпал), екіншісі – кірме (барқыт).

XVIII–XIX ғасырлардағы деректер мен қазақ-орыс сөздіктерінде мата атауларының мол қоры тіркелген. Бұл кезеңде қазақ қауымы тұрмысында Бұқар, Қытай, Ресейлік фабрикалардан шыққан алуан түрлі маталар кеңінен қолданыла бастаған еді. Соған сай, қазақтар олардың әрқайсысын атайда білген. Мысалы, жолақ-жолақ өрнекті жұқа жібек матаны «қатипа», аса қымбат шашақталған жібекті «торқа», түрлі түсті жұқа шәйі матаны «дүрия» деп атағаны архив материалдарында кездеседі. Сонымен қатар, қазақтың байырғы өлшем жүйесінде матаны өлшеу үшін «қолтық», «құлаш» сияқты өлшем бірліктері қолданылғаны мәлім.

Маталардың атауларын сипаттайтын тағы бір ерекшелік – олардың кейде заттың түрі мен сапасын айқындауында. Мысалы, «қара мақпал» – қара түсті барқыттың атауы, «қырмызы» – алқызыл әрі қымбат шәйі матаның атауы. Осындағы қырмызы сөзі бір мезгілде матаның түсін де (қызыл екенін) білдірген. Сол сияқты «бөз», «өрмекші» сияқты сөздер матаның сапасына қатысты айтылған (бөз – арзандау, ақзу мақта мата; өрмекші – өте жеңіл, «өрмекшінің торындай» жұқа мата). Осы атаулардың барлығы қазақ тіліндегі матаға қатысты ұғымдардың қаншалық алуан түрлі әрі дәл болғанын көрсетеді.

Жалпы алғанда, тарихи атаулардың қалыптасуы халықтың матаны өндіру, пайдалану тәжірибесімен тікелей сабақтас. Қазақ қоғамы көшпелі өмір салтын ұстанғандықтан, матаның көп түрін өзі тоқып дайындамағанымен, сырттан әкелінген материалдардың бағасын білген әрі оны мәдени айналымға түсіріп, төл атауын бере алған. Бұл атаулар ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, кейбірі тілімізде әлі күнге

дейін сақталып отыр (мысалы: жібек, шұға, барқыт).

Фольклордағы көрінісі. Маталардың атаулары қазақ фольклорында көркем бейне және символдық мән жүктеуші элемент ретінде жиі кездеседі. Халық ауыз әдебиетінде мата көбіне байлық, сұлулық, нәзіктік ұғымдарымен астасып жатады. Қазақтың лиро-эпос «Қыз-Жібек» мысылға келтірсек – жырдың атынан бастап бас кейіпкерінің образына дейін жібек матасымен байланысып жатыр: эпостың атауы «Жібек» (жібек – мата) болса, Қыз-Жібек сұлу сол заманның сұлулық идеалын – жібектей нәзік, әрі асыл аруды бейнелейді. Жібек екі жігіттің арасындағы шайқасты тоқтату үшін басындағы ақ жұқа жаулығын тастауы – ежелгі дәстүрдегі әйелдің бітімгерлік рөлін ғана көрсетіп ғана қоймай, қазақ салт дәстүріндегі әйел адам жаулығы ортаға тасталса, ол жанжалды тоқтату белгісі болған. Осы эпизод арқылы жаулық матасының бейбітшілік рәмізі ретінде қарастыруға болатының байқаймыз.

Эпоста ғана емес, қазақтың тұрмыс-салт рәсімдерінде, мақал-мәтелдерінде де матаға қатысты бейнелі тіркестер молынан ұшырасады. Мысалы, «Жібектей нәзік», «мақпалдай жұмсақ», «барқыт жүрек» деген теңеулер әлі күнге дейін қыздың, әйелдің жақсы қасиеттерін сипаттауда қолданылады. Осы тіркестерде жібек – нәзіктік эталоны, мақпал – жұмсақтықтың, барқыт – жүректің жылылығының нышаны іспетті. Халық даналығында қыз баланы ең асыл затқа теңейтін «Жібектен артық қыз жоқ» деген мақал бар. Мұнда «жібек» сөзі ең жақсы, ең бағалы деген ұғымды білдіреді, яғни қыздың қадыр-қасиетін асырып айту үшін қолданылған. Сол сияқты «Бойжеткен мақпал болса, анасы құт» деген мәтел белгілі – мұнда мақпалдай қыз өсірген ана бақытты деген мағынада, мақпал – үлгілі, жұғымды қыздың метафорасы. Бұл мысалдар қазақ фольклорында матаның тек бұйым ретінде ғана емес, әлеуметтік-эстетикалық

идеалдардың көрсеткіші ретінде орын алғанын дәлелдейді.

Халық әндерінде де шүберек пен мата түрлері кейіпкердің көңіл-күйін, әлеуметтік халін аңғартатын элемент ретінде келтіріледі. Мысалы, қыз ұзату жырларында ақ жаулық – анасының қызын ақ жолға шығарып салу белгісі, ал қызыл шарқат (шарқат – шәлі, орамал) – жастардың ғашықтық белгісі ретінде айтылуы мүмкін. Бұндай ұсақ детальдар тұтас шығармада үлкен символдық жүк арқалайды.

Жалпы, фольклордағы материалдық мәдениет элементтерін зерттегенде мата атауларының ерекше поэтикалық қызмет атқаратынын байқаймыз. Олар арқылы автор (немесе халық шығармашылығын жеткізуші ақын-жырау) кейіпкердің әлеуметтік статусын, эмоционалдық жай-күйін немесе оқиғаның маңызын жанама түрде көрсеткен. Айталық, «жыртыс» ұғымы – тұрмыс-салт өлеңдерінде көбіне қуаныш, той-думанның символы, жаңа түскен келіннің құрметіне көпке таратылатын сыйлық ретінде суреттелсе, ақыреттік мата (кебін) – жоқтау жырларда өмірдің қамшының сабындай қысқалығын меңзеп, фәниден бақиға аттанудың белгісі ретінде көрініс табады. Осылайша, қазақ фольклорында мата атаулары ұлттық дүниетанымның бір бөлшегіне айналып, түрлі астарлы мағынамен өріліп отырады.

Антропонимиялық мағынасы. Қазақ мәдениетінде бағалы маталардың атауларын қыз балаларға есім ету дәстүрі ерекше құбылыс ретінде танылған. Антропонимикада бұл құбылыс – есімдердің семантикасы тұрғысынан қарағанда – халықтың қызды қымбатқа балап, оны ең нәзік, ең әдемі затқа теңеу үрдісінен туындаған. Ел арасында күні бүгінге дейін кең тараған әйел есімдерінің біразы тікелей мата атауларынан құралған: *Жібек, Мақпал, Торғын, Берен, Қамқа, Баршын, Шұға, Қатипа, Дүрия, Қырмызы, Құлпы, Баршын, Батсайы, Манат* және т.б. Бұл есімдердің әрқайсысы өз негізіндегі матаның қасиетін меңзейді. Мысалы, Жібек

– жібектей нәзік, әсем болсын деп қойылса, Мақпал – барқыт (мақпал матасы) тәрізді жұмсақ мінезді, мейірімді болсын деген тілекпен қойылған. Қамқа есімі қыз балаға алтын зерлі парчадай жарқыраған ажарлы болсын деп, Торғын – торғын кездемедей үлбіреген талдырмаш болсын деп, ал Қырмызы (кейде қыздың аты) – қырмызы қызыл матаның аты арқылы қыздың жайнаған, ашық жүзді боларына сеніммен қойылған. Осылайша, ата-ана қызын қымбат матаның қасиеттеріне теңеп, эстетикалық эталон жасайтын болған.

Халық арасында мұндай «матадан шыққан» есімдер эстетикалық қызметімен қатар тәрбиелік мән де атқарған. Қыз бала өз атындағы қасиеттерді ақтауға тырысқан, үлкендер де оған сол қасиеттерге сай өнеге беруге ұмтылған. Мысалы, Жібек атының иесіне «жібектей нәзік бол» десе, Мақпал есімді қызға «мақпалдай мінезің жұмсақ болсын» деп тілек айтқан. Бұл антропонимиялық құбылыс туралы Мұхтар Әуезов те өзінің жазбаларында атап өткен: «Қыз-Жібек» эпосындағы Жібек бейнесін сипаттай келе, оның аты бүкіл шығарманың поэтикалық өзегін құрайтынын көрсеткен.

Айта кету керек, қазақ халқында қыздарға тек матаның атауын ғана емес, жалпы бағалы заттар мен аң-құс атауларын да қою кең таралған. Мысалы, Алтын, Күміс, Гауһар (гауһар – гауһар тас), Маржан секілді асыл тастар мен металл атаулары, Құндыз, Камшат тәрізді бағалы аң терілері атаулары да қыз есімі ретінде қойылып келген. Мұның барлығы «қыз – шаңырақтың қазынасы» деген түсініктен туындағаны анық. Ғалымдардың пайымдауынша, ертеде түркі халықтары қыздарын ең қымбат дүниелерге теңеп, солардың атын берген, өйткені қыз баланы ерекше бағалаған.

Осы үрдісте матадан туған есімдер өте кең таралған, әсіресе жібек пен түрлі қымбат маталардың аттары қыздарға жиі қойылғаны байқалады. Қазіргі кезде де Қазақстанда Жібек, Мақпал сынды есімдерді кездестіруге болады, бұл – ұлттық атаулардың өміршеңдігінің бір көрінісі.

Дегенмен Торғын, Қамқа, Шұға сияқты бір кездері танымал болған есімдер сирек қойылады. Бұның себебі де заман ауысуына байланысты сөздің қолданыстан шығып қалуы: мысалы, «Шұға» сөзінің мағынасы көпшілікке түсініксіз болуы мүмкін (кең мағынасында «матия», сукно мата), «Торғын» да сөйлеу тілінде қолданылмайтын көнерген сөзге айналған. Соған қарамастан, әдебиет пен өнер туындыларында бұл образдық есімдер ұмытылмай келеді: белгілі жазушы Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесінде Шұға есімді арудың трагедиясы суреттелсе, қазіргі кино мен әдебиетте Гүлбаршын, Мақпал сынды кейіпкерлер образында олардың атына сай әсемдік пен нәзіктік сипатталады. Бұл – көне «маталық» есімдердің мәдени жадта сақталуының айғағы.

Жібек – әлемнің көптеген халықтарында қымбаттығы мен әдемілігімен әйгілі болған материал, ал қазақтар үшін ол нәзіктік пен сұлулықтың, ізеттілік пен байлықтың нышаны. Осы қасиеттерді білдіретін Жібек есімі де қазақ қыздары арасында кең тараған. Жібек, шынында да, өз тегіне сай нәзік, жылтыр әрі құнды мата, сондықтан бұл есімді қыздарға беруде арнайы мағына болды: ол үшін қыз өзінің сыртқы сұлулығы мен ішкі нәзіктігін, бай рухани әлемін білдірді.

Барқыт – өте нәзік әрі қымбатты, түкті мата. Барқыттың ерекше жұмсақтығы мен жылтырауы қазақ халқының назарын аударады. Барқыт қыздың жібектей әрі биязы екендігін білдіреді. Барқыт есімінің өзі оның есімімен тіркескен адамға да жұмсақтық, жылтырлық, сән-салтанат сезімін сыйлайды.

Барқыт есімі қазақтың аңыздары мен ертегілерінде де кездеседі, қыздың сұлулығы мен мейірімділігі көбінесе барқыттай болуға теңеледі.

Мақпал – түкті әрі жұмсақ барқыттың бір түрі. Бұл мата ерекше жылу береді, әрі оны қазақ халқында тек бай адамдар қолданған. Мақпал есімі де соларға тән қасиеттерді білдіреді: нәзік, жұмсақ,

жылытушы, ерекше күтімді қажет ететін. Қазақтың ежелгі мақал-мәтелдерінде Мақпал есімінің мағынасы сұлулықтың, нәзіктіктің, бірақ сонымен қатар қайсарлықтың символы ретінде кездеседі. Бұл есім арқылы қыздың қайсарлығы мен әдемілігін бейнелеген.

Қамқа – алтын мен күмістен әшекейленген, жоғары сапалы, әдемі мата. Қамқа – қазақтың ең қымбат және ең нәзік маталарының бірі болып саналады. Бұл есімді қыздар үшін беріп, олардың ерекше сұлулығы мен қоғамдағы жоғары орнын көрсеткен.

Қазақтың ауыз әдебиетінде әйел есімдерімен аталатын, көпшілікке танымал емес маталардың да өз орны бар. Олар тек сәнділікке ғана емес, сонымен қатар мәдени мұра мен халықтың көркемдік дүниетанымын көрсететін символдық элементтер ретінде кездеседі. Бұл маталар қазіргі қоғамда көп қолданылмайтын немесе ұмытылғанымен, олар кейіпкерлердің бейнесін жасауда маңызды рөл атқарып, олардың жеке қасиеттері, әлеуметтік жағдайы, тіпті тағдырының символына айналады. Мысалы:

Зеріп – қазақтың көне атауы, ол да ерекше мағынаға ие жұқа маталармен байланысты. Халық поэзиясы мен жырларында Зеріп есімі әйелдік талғампаздық пен сұлулықты бейнелейтін жібек немесе нәзік барқыт сияқты биязы маталарды сипаттау аясында пайда болуы мүмкін. Қазақ эпосында дәулетті де асыл әйелдер бейнеленген Зеріп әлеуметтік жағдайы жоғары, талғампаздығы мен қайталанбас сұлулығы бар әйелді бейнелей алады.

Қазақ есімдерінің ішінде әйелдерге тән есімдер көбінесе табиғатпен байланысты, әрі сол табиғаттағы әдемі құбылыстарға тән болатын.

Дурия – бұл қыздың тағы бір есімі, ол жиі жылтырлық пен сұлулықпен байланысты, дурия (сары жібек) матасы. Бұл материал жоғары бағаны, жоғары сапа мен сұлулықты білдіреді, ал фольклор контекстінде ол әйелдің аспандық

жаратылыс ретіндегі жарқырауын немесе ғажайып сұлулықты бейнелей алады.

Мауыты – әйел есімі сияқты жұмсақтық пен жылулықты бейнелейтін мата. Қазақ поэзиясында мауыты нәзіктік пен қамқорлық метафорасы ретінде жиі кездеседі. Бұл есімге ие әйел жайлылық пен жайлылықтың тірегі ретінде, жылытатын және тартатын жұмсақ және жылы материал ретінде бейнеленген.

Эпостар мен ертегілерде мауыты әйелдердің киім киетін мата ретінде жиі айтылады, ал материалдың өзі жайлылықты, қорғауды, қамқорлықты білдіреді.

Баршын – жіңішке әрі әдемі жолақты жібек, оны поэзияда талғампаздық пен талғампаздықтың белгісі ретінде аты аталған әйел бейнесімен де байланыстыруға болады. Бұл мата жеңілдігімен, әуестігімен және сұлулығымен байланысты болуы мүмкін және жұқа, нәзік, бірақ күшті кейіпкердің бейнесін жасау үшін қолданылады.

Қырмызы – құндылық пен әдемі, қымбат өмірмен байланысты қымбат қызыл жібек мата. Бұл атау әндер мен өлеңдерде жиі кездеседі, онда ол күшті құмарлық, махаббат пен терең сезімдерді білдіреді.

Жалпы алғанда, қазақтың дәстүрлі мататану лексикасы сан алуан тілдік қабаттардан құралғанын көрдік. Төмендегі кестеде негізгі мата атауларының шығу тегін жинақтап көрсетілген.

Дәстүрлердегі қолданысы. Қазақтың салт-дәстүрлері мен рәсімдерінде де мата ерекше рөл атқарған. Әрбір өмірлік цикл кезеңіне байланысты өткізілетін рәсімдерде мата атаулы бұйымдар бар және олардың өзіндік атаулары мен мән-мағынасы болған. Шілдехана және бесікке салу сынды бала туылғанда жасайтын жоралғыларда жаңа туған нәрестені алғаш қымтап орайтын ақ мата «қызыл жаялық» деп аталған. Бұл жаялықтың түсі қызыл болуының себебі – сәбидің өміріне тек жақсылық пен жылулық тілегендіктің белгісі. Кей өңірлерде оны «қан шүмек» деп те атаған. Сонымен қатар, нәрестенің қырық күндік тойында

туыстарынан жиналған әртүрлі маталардан тігілген «ит көйлек» (немесе «қырық бөз көйлек») кигізу дәстүрі болған. Мұндағы «ит көйлек» – балаға көз тимесін, ұзақ өмір сүрсін деген ырыммен дайындалатын, әр бөлігі түрлі туыстары берген матадан құралған көйлек. «Ит көйлек» жасау арқылы жаңа туған сәбиді рулық-туыстық ортаға қабылдау, үлкендердің батасын сіңіру рәсімі орындалған. Бұл дәстүрде матаның әр қиындысы ұрпақтар сабақтастығын, туыстық байланыстарды және тіл көзден сақтау рәсімімен байланыста болған. Жасөспірім жастан асқан соң, адам өмірінде ең үлкен белестердің бірі – үйлену тойы. Қазақтың үйлену салттарында матаның алатын орны орасан. Құда түсу рәсімінде қалыңдықтың тағзым етуіне арналған шымылдық және болашақ құда-жекжаттарға тарту ретінде қымбат маталар беру жолға қойылған. Мысалы, құдалар келе жатқанда «құдағи жүзік» пен бірге бағалы шәйі немесе жібек кездемеден кесек маталар сыйға ұсынылған. Қалың малдың құрамында да көбіне бірер бөз немесе парша қосылғаны кей деректерде айтылады. Бұның бәрі матаға материалдық құндылық затына қоса, сыйластықтың белгісі деген мағына дарытқанын көрсетеді.

Үйлену тойы кезінде жыртыс тарату дәстүрі ертеден келе жатқан салттардың бірі. «Жыртыс» деп үйлену тойына келген қауымға тең бөлініп таратылатын түрлі-түсті матаның кесінділерін атайды. Әдетте, жыртысқа алдын-ала бірнеше метр мата дайындалып, оны той басталарда немесе беташар соңында жақын жеңгелер қауымы жыртып-жыртып жұртқа үлестірген. Жыртыстан үлес алған адам оны өзіне қасиетті тұмар, естелік ретінде сақтап немесе тұрмыста қолданған. Жыртыс тарату – келін түсіру қуанышына жиналған көпшілікпен бірге бөлісу, қуанышты шашу ырымы. Мұнда жыртыс ретінде көбіне ақ немесе ашық түсті, жұқа маталар таңдалған, бұл – жаңадан құрылған отауға ақ жол тілеп, шаңырақтың берекесі көп болсын деген ізгі ниетті білдіреді.

Маталар қазақтың бітімгершілік, бата алу-беру, естелік қалдыру рәсімдерінде де жиі ұшырасады. Мысалы, бұрын ру-тайпа арасында бейбіт келісім жасалса немесе екі жақ араздықты доғаруға уағдаласса, сол келісімді бекіту нышаны ретінде ақ мата немесе киім алмастырған. Оны «бітім шапан» деп атаған, әдетте ақ түсті шапан немесе ақ көйлек берген. Әйелдердің жаулығы да кейде араағайындық рөл атқарған – жоғарыда айтылғандай, жаулық тастау арқылы жанжал тоқтату – соның айғағы. Бұдан бөлек, қазақта үлкенге құрмет, сый ретінде шапан жабу дәстүрі бар, мұнда бағалы барқыт немесе ақ сауыт шапан ұсынылады. Бұл дәстүрде шапан – тек сыйлық емес, символдық мағынасы тереңдегін білдіретін рәсім.

«Араздасқан, кешірім сұраған адамдар әйелдің ақ жаулығының киесін сөзге тиек еткен. Қазақ халқы «Жақсы адамның ашуы шәйі орамал кепкенше» деген сөзі арқылы кекшіл болмауға, кешірімшіл болуға шақырған. Шәйі орамал түрлі түсті жібек матадан тігіледі. Қазақтар жібек матадан жасалған орамалдың ләтте орамал, шашақты орамал түрлерін де қолданған. «Орамал тон болмайды, жол болады» деп орамал қазақтың дәстүрлі кәде сыйына айналған» (Кабдолдина, Картаева 173).

Өлім-жітімге байланысты салттарда да мата басты орындардың бірінде. Марқұмды соңғы сапарға ақтық киізге немесе матаға орау (кебіндеу) – исламдық дәстүрге сай орындалады, қазақта бұл мата ақырет киімі деп аталады. Ел арасында «ақыретке бөз даярлау» деген сөз тіркесі бар, яғни әр адам өзіне өмірінің соңына дейін қажетті ақ матасын алдын ала дайындап қоюы керек деп ұққан. Марқұмның денесі ақ матаға оралып, сол қалпында жер қойнына тапсырылады – бұл ақтық мата тазалықтың, фәниден бақиға аттанудың белгісі. Сонымен қатар, жақындары қазан көтеріп, садақа асында марқұмның рухына бағыштап жұртқа жаңа мата үлестіру «тәбәрік» ырымы да кей жерлерде болған. Мұндағы мақсат – ұзақ

және өнегелі ғұмыр сүрген адамның өмір жолы жұғысты болсын немесе сондай жасқа жету. Әлбетте, бұл жағдайда да мата атаулары (бөз, шыт, бөз көйлек, т.б.) аталып отырған.

Қорыта айтқанда, қазақтың дәстүрлерінде матаның қызметі екіжақты: біріншіден, практикалық (киім-жабдық ретінде), екіншіден, рәміздік-символикалық. Әрбір рәсімде қолданылған матаның өз түсі, өз атауы, соған сай жүктелген мәні бар. Сол арқылы мата адам өмірінің басты өткелдерінде (туудан бастап өмірден озғанға дейін) әрдайым бірге болып, дәстүр мен сабақтастықтың көрінісі болған. Осы салттық қолданыстар кезінде аталатын мата атаулары да халық жадында қасиетті ұғым ретінде бекіген. Бүгінде кейбір салт-дәстүрлер азайып бара жатса да, солармен бірге аталған ұғымдар да көмескіленгенімен, этнографиялық жазбалар мен ғылыми еңбектерде олардың сипаттамасы сақталған. Бұл деректер ұлттық тілді жаңғырту үшін маңызды негіз бола алады.

Мата атауларының пассивтену себептері. Біріншіден, Қазіргі қазақ тілінде жоғарыда қарастырылған көптеген мата атаулары күнделікті қолданыстан шығып қалған, олардың біршамасы тек тарихи немесе әдеби - поэтикалық қолданыста ғана кездеседі. Мұның бірнеше себептері анықталды. Ең басты себеп – тілдік кірме сөздердің ықпалы. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырда қазақ қоғамы Ресей империясының, кейін Кеңес Одағының құрамында болған уақытта тұрмысқа көптеген жаңа бұйымдар, соның ішінде фабрикалық маталар енді. Оларды көбінесе орыс тіліндегі атауларымен қабылдады: мысалы, шыт, бәтес, сәтен, атлас, сатин тәрізді сөздер тілімізге сол кезеңде сіңді. Бұрынғы қолданылған дүрия, жібек, қатипа сияқты төл не шығыстық атаулар біртіндеп шеттетіліп, жаңа атаулар қалыптасты. Кейбір маталардың орысша атаулары қазақша нұсқада қалды (мысалы, «ситец» матасы - «сиса» деп аталса, «бархат» сөзі -

«барқыт» немесе «мақпал») атаулырымен қалыптасты.

Екіншіден, әлеуметтік-мәдени өзгерістер әсер етті. Дәстүрлі қоғамда матаның түрі адамның статусын айқындаса, заманауи қоғамда ондай роль бәсеңдеді. Жас ерекшелігіне қарай матаны бөле-жару (қыздарға – торғын мен дүрия, үлкендерге – қалың шұға, т.б.) дәстүрі де жойылды. Осылайша, матаның әлеуметтік нышан қызметі кеміген соң, арнайы атаулардың қажеттілігі де азайды.

Үшіншіден, дәстүрлі қолөнердің тоқырауы. Бұрын қазақ даласында киіз басу, тоқымашылық өнер жақсы дамыған еді, сондықтан олардың айналасындағы лексика да бай болған. Қазір оларды фабрикалық өнімдер толықтай ығыстырғандықтан, мысалы, киіз үйге қажетті шымши, текемет, алаша, бөстек секілді бұйым атаулары да қолданыстан шығып қалды. Сол сияқты, жүн маталарға қатысты шұға, мауыты тәрізді сөздер де өндіріс тоқтауымен бірге ұмыт болды.

Төртіншіден, қалалану урбанизация және жаһандану әсері. Қала мәдениетіне бейімделген қазіргі қазақ тілінде сән әлеміндегі халықаралық терминдер (бархат, шифон, креп, шелк, кашемир, т.б.) белең алды. Жастардың сөйлеуінде көнерген сөздер түсініксіз болғандықтан қолданылмайды. Мектеп бағдарламасында да материалдық мәдениетке қатысты көне сөздерге аз көңіл бөлінеді. Нәтижесінде, сөздік қорда бар кейбір атаулар пассив қабатқа өтіп кетті. Мысалы, бұрын әр адам білетін «қамқа» сөзін бүгінгі ұрпақ көне әдебиеттен ғана ұғынуы мүмкін.

Ғылыми тұрғыда, көнерген сөздер лексиканың табиғи эволюциясы десек те, оларды мүлдем қолданыстан шығарып алу тілдің тарихи жадын кемітеді. Қазақ тілінің үлкен түсіндірме сөздігінде маталарға қатысты көптеген атаулар «ескірген» белгісімен берілгенімен, олардың мағынасы түсіндіріліп жазылған. Бұл – аталмыш атаулардың ұмыт болғанымен, толық жойылмағанының дәлелі. Яғни, сөздіктер мен әдебиет беттерінде өмір

сүріп келеді. Бірақ бұқаралық қолданыста болмағандықтан, көпшілік оған мән бермеуі мүмкін.

Маталардың атауларының пассивтенуінің тағы бір себебі – тілдік саясат пен терминологиядағы бірізділіктің болмауы. Кеңес заманында қазақ тілі терминологиясы көбіне орыс тіліне иек артты; сол үрдіс Тәуелсіздік жылдарының алғашқы кезеңінде де жалғасты. Тек соңғы жылдары ғана тілді жаңғырту, ұлттық терминдерді қайтадан қолдану туралы қозғалыстар басталды. Дегенмен, жеңіл өнеркәсіп пен тоқыма атаулары бойынша жүйелі шаралар аз. Бұл саладағы терминдердің көпшілігі әлі күнге орысша немесе ағылшынша қалыпта. Сондықтан қазақша баламаларды қалыптастыру кешігіп келеді.

Соңында, ұрпақтар сабақтастығының үзілуі де әсерін тигізуде. Бұрын үлкен әжелеріміз қыздарының жасауына қажетті бұйымдарды, соның ішінде құрақ көрпе, текемет, кілемдерді атап, қандай матадан тігу керектігін үйретіп отырса, қазір бұл білім біртіндеп үзілген. Матаның түрлерін атау түгілі, қолдан тігу дәстүрі сиреді. Осылайша, атадан балаға жететін тәжірибе жұтаңдаған соң, сөздік қорда сол бағытта кедейленуі ықтимал.

Жоғарыда аталған себептердің барлығы қазақтың мата атауларының қазіргі таңда күнделікті өмірден алыстап, пассив сөздер қатарына өтуіне негіз болды. Алайда бұл құбылысты тоқтатып, керісінше, көне атауларды жаңғырту – мүмкін нәрсе. Ол үшін арнайы шаралар мен уақыт талап етіледі, төменде соларға тоқталамыз.

Жаңғырту жолдары. Көнерген сөзді қайта түлету – кешенді әрі көпқырлы үдеріс. Маталардың қазақша атауларын жаңғырту үшін лингвистикалық, мәдени және білім беру салаларында бірқатар нақты қадамдар ұсынылады.

1. Лексикографиялық жұмысты жандандыру. Ең алдымен, қазақ тілінің терминологиялық қоры ұлттық колоритті ұғымдармен толықтырылуы тиіс. Жаңадан еніп жатқан маталарға (мәселен,

синтетикалық мата түрлері, заманауи тоқыма бұйымдары) қазақша балама жасағанда, мүмкіндігінше тарихи атауларды бейімдеп қолдану керек. Мысалы, «Дүрия» сөзі көне жібек матаны білдірген, бүгінде «маттық жарқырау» эффектісі бар маталар көп – соларға осы атауды қайта тірілтуге болар еді. «Шұға» – бұрын жүн мата болатын, қазір таза жүннен мата түрлері аз. Алайда жүн қоспасы бар қалың материалдарға осы атауды беріп, тілге кіргізуге болады. Тіл мамандары мен салалық мамандар бірлесіп, тоқыма өндірісінің терминологиясын ұлттық негізде қайта қарастыруы қажет. Бұл – уақыт талабы.

Сонымен қатар, қолданыста бар бірақ көпшілік біле бермейтін атауларды түсіндірме сөздіктерде кеңірек көрсетіп, мысалдармен бекіту керек. Мысалы, 15 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» қамқа, мақпал, шұға секілді сөздердің анықтамасы берілгенімен, заманауи баламалары көрсетілмеген (Нұрмағанбетов 189). Егер бұл атауларды қазіргі оқырманға түсінікті тілмен, мүмкін суреттерімен қоса таныстырса, қабылдауы жеңіл болмақ.

2. Білім беру мен насихат. Мектеп бағдарламасына «қазақ мәдениеті» немесе «этнография» сабақтары аясында дәстүрлі бұйым атауларын үйрететін арнайы бөлімдер енгізуге болады. Қазақтың ұлттық киімдері мен қолөнері туралы тарауларда маталардың түрлері, олардың атаулары туралы мәлімет берілуі тиіс. Бұған қоса, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында классикалық әдеби шығармалардағы көнерген сөздерді талдау кезінде мата атауларына тоқталып, мағынасын түсіндіру пайдалы. Мысалы, «Шұғаның белгісі» хикаятын оқытқанда, Шұға есімінің мәнін, ол мата атауынан шыққанын айтып өтсе, оқушылардың қызығушылығы артып, сөз қадірін түсіне бастар еді.

Көпшілікке насихат құралдары ретінде теледидар, радио, интернетті қолдануға болады. Мысалы, ұлттық арнада этнография туралы бағдарламалар,

танымдық роликтер шығарып, қазақтың ежелгі киім-кешегі, оның материалдары, атаулары туралы қызықты сюжеттер көрсету – бір тәсіл. Әлеуметтік желілерде қазіргі жастарға арналатын «бір күн – бір сөз» сияқты жобалар арқылы көнерген сөздерді жаңғыртып, трендке айналдыруға болады. Кезінде осындай әдіспен біраз тарихи сөздер көпшілік аузында қайта жаңғырып еді (мысалы, «қыран-тұғыр», «домбыраның пернесі» сияқты терминдер). Мата атаулары да ықшам видео, инфографика түрінде таныстырылса, кең аудиторияға жол табары анық.

3. Мәдени шаралар және туризм. Халықаралық тәжірибеде мәдени мұраны жаңғырту фестиваль, көрме, шеберлік сабақтары арқылы жүзеге асып жатады. Қазақстанда да қолөнер шеберлерінің көрмелерін ұйымдастырғанда, сол жерде ұлттық маталар мен олардың атауларын қоса насихаттау артық болмас еді. Мысалы, «Қазақтың дәстүрлі киімдері» көрмесінде тек киімді көрсетіп қоймай, оның материалы – барқыт па, шұға ма – сол туралы ақпарат беру қажет. Әсіресе, музейлерде интерактивті экспозициялар жасап, келушілерге дәстүрлі матаның үлгісін ұстап көріп, атын жадына сақтап қалатындай әсер қалдыру маңызды. Бұл ретте шетелдік туристерге де түсінікті болу үшін, әр атаудың ағылшынша қысқа түсіндірмесін қосып қоюға болады (мәселен, «Қамқа – gold-brocaded silk fabric» деген сияқты) (Алпысбаева 9).

Этноауылдар мен туристік нысандарда ұлттық киімдерді киіп көру, киіз басу, құрақ жасау, құрал-жабдықтарымен танысу шараларында шеберлер әр мата түрін өз атауымен атап үйретсе, қатысушылар тың жаңа сөз үйренген болар еді. Осылайша, мәдени туризмді де тіл жаңғыртумен ұштастыруға мүмкіндік бар.

4. Антропонимикалық дәстүрді жалғастыру. Жоғарыда айтылғандай, қазақ қоғамында қыздарға матадан туындаған есім қою дәстүрі болған. Қазіргі заманда кейбір ата-аналар баласына ерекше, сирек есім іздейді. Осы орайда, көне атауларды

жаңғыртып, оларды қайтадан жағымды мәнде ұсыну арқылы антропонимияға қайтаруға болады. Мысалы, бүгінде Жібек есімі қайтадан трендке айналғаны байқалады – бұл, әрине, кино мен әдебиет ықпалымен. Сол сияқты, Мақпал есімі де танымалдығын жоғалтқан жоқ. Ал Торғын, Қамқа, Дүрия, Батсайы, Берен, Баршын, Шұға, Қатипа, Қырмызы, Құлпы, Баршын, Манат сынды есімдерді өнер туындылары арқылы немесе БАҚ арқылы дәріптеп, жаңа образдарда пайдалансақ, оларды да жұртшылық жылы қабылдауы ғажап емес. Антропонимдердің жаңғыруы – сол атаудың тілде активтенуіне тікелей әсер ететін фактор. Өйткені есім ретінде күнделікті қолданыла бастаған сөз ұмытылмайды. Сондықтан қазіргі мәдени өнімдерде (кино, әдебиет) кейіпкерлерге осындай символдық тарихи есімдерді беру – тиімді жолдың бірі.

5. Мемлекеттік тіл саясаты аясында қолдау. Тілдің тарихи негіздерін жаңғырту – мемлекеттік маңызы бар шаруа. Сондықтан құзырлы мекемелер (Тіл комитеті, TerminCom терминология комиссиясы, т.б.) тарапынан осы бағытта арнайы жобалар жасалуы керек. Мысалы, «Архаизмдер және тарихи лексиканы жаңарту» атты ғылыми-тәжірибелік жоба қолға алынып, соның бір тармағында мата атаулары қамтылса құба-құп. Жобаның нәтижесінде жаңа сөздік, оқулық немесе көпшілікке арналған альбом шығаруға болады. Сонымен бірге, «Мәдени мұра» секілді мемлекеттік бағдарламалар аясында ұлттық қолөнерді жаңғырту шараларына тіл мамандарын да қатыстырып, сол дәстүрлі өнімдердің атауларын стандарттау, біріздендіру жұмысын жүргізген жөн. Терминком бекіткен сөз ресми қолданысқа еніп, оқулықтар мен БАҚ-та тұрақты қолданылса, бұқаралық сипатта таралады.

6. Қолданбалы өнерді дамыту. Ақырында, қазақтың тоқыма және тігін өнеркәсібін дамыту да тілге жанама әсерін тигізеді. Егер отандық дизайнерлер мен өндірушілер өз өнімдерін шығарғанда ұлттық атауларды бренд ретінде алса, өзі-ақ

жарнама болып таралар еді. Мысалы, бір киім не мата брендин «Qamqa» деп атаса, әлемге танымал ету арқылы сол сөзді қайта жаңғыртады. Мұндай тағылымды трендтер бұрын да болған: шетелде «пашмина» деп аталатын шәлі бар, сол өзі шыққан өңірдің атауымен аталып бүкіл әлемге таралды.

Қорыта айтқанда, маталардың қазақша атауларын жаңғырту тек тілтанушылардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Бұл жолда ғалымдар, ұстаздар, мәдениет қайраткерлері мен мемлекеттік құрылымдар күш біріктірсе, нәтижелі болары сөзсіз. Ұлттың тілі – оның жадын сақтаушы құралы. Ал маталарға қатысты байырғы атаулар – сол жадтың бір бөлігі, ұлттық болмыстың айнасы. Оларды қайта тірілту арқылы біз бір жағынан тіліміздің тарихын түлетеміз, екінші жағынан мәдени үрдістеріміздің сабақтастығын қамтамасыз етеміз. Зерттеушілер атап өткендей, тілдің тарихи негіздері берік болса, оның болашағы да жарқын болмақ. Ендеше, маталардың қазақша атауларын жаңғырту – тек лингвистикалық қадам емес, рухани жаңғыру жолындағы маңызды әрекет деп түсінген абзал.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері бойынша мынадай қорытындылар жасалды:

1. Маталардың қазақша атаулары – ұлттық лексикамыздың бірегей құрамдас бөлігі. Қазақ халқы тарихи даму барысында әртүрлі маталарға өзіне тән атау беріп, оларды күнделікті өмірде кең қолданған. Бұл атаулар материалдың түрі, сапасы, өңделуі мен құндылығын дәл сипаттаған және халықтың дүниетанымында терең із қалдырған.

2. Көптеген дәстүрлі атаулар уақыт өте келе қолданыстан шығып қалған. Әсіресе XX ғасырда өзге тілдердің ықпалымен қазақ тіліндегі мата атауларының бірқатары қолданыс аясын тарылтты. Бүгінде маталардың атауларының көбі арнайы әдебиеттер мен сөздіктерде ғана сақталған, ал белсенді сөйлеу тілінде сирек ұшырасады. Бұл

құбылыс тілдегі тарихи сабақтастықтың үзілуіне әкелуі мүмкін.

3. Дәстүрлі мата атаулары қазақ мәдениетінде маңызды рөл атқарған. Фольклор мен эпоста олар поэтикалық символдар ретінде көрініс тапқан (мысалы, Жібек – сұлулық символы, мақпал – жұмсақтық белгісі). Салт-дәстүрлерде мата бөліктері (жыртыс, жаулық т.б.) бейбітшілік, құрмет, қайырымдылық мәнін үстеген. Сонымен қатар, бұл атаулар қыз балалардың есімдерінде орын алып, тәрбие құралына айналған.

4. Маталардың көне атауларын жаңғырту – ұлттық тілдің байлығын сақтап, оны келер ұрпаққа жеткізу үшін қажет шара. Тілдің тарихи лексикасын қайта жандандыру қазіргі заманда оның қолданыстық әлеуетін кеңейтеді, мәдени бірегейлікті нығайтады. Зерттеу барысында анықталғандай, бұл іске қатысты нақты қадамдар – оқыту, насихаттау, терминологиялық үйлестіру, мәдени және өндірістік интеграция – ұсынылады.

5. Жаңғырту жұмыстары нәтижелі болуы үшін кешенді бағдарлама керек. Онда ғылыми-зерттеу (көне атауларды жинақтау, жүйелеу), білім беру (оқу бағдарламаларына енгізу), бұқаралық ақпарат (ақпараттық кампания) және мәдени-өндірістік (жәрмеңкелер, брендтеу) компоненттері тоғысуы тиіс.

Қорыта айтқанда, маталардың қазақ атауларын зерттеу және жаңғырту мәселесі – тек лингвистикалық зерттеу нысаны ғана емес, ұлттың мәдени жадын жаңғыртудың бір тетігі. Бұл бағыттағы ізденістер қазақ тілінің тереңдігі мен байлығын тағы бір қырынан ашып, оны заман талабына сай дамытуға үлес қосады деп сенеміз. Ұсынылған ғылыми және практикалық шараларды жүзеге асыру нәтижесінде ұлттық лексиканың осы қабаты қайтадан халқымыздың игілігіне жарап, қазақтың төл мәдениетінің жандануына септігін тигізбек.

Әдебиеттер тізімі

Арғынбаев, Халел. *Қазақ халқының қолөнері*. Алматы: Өнер, 1976.

Ахметжанова, З. Қ. *Қазақтың дәстүрлі қолөнері*. Алматы: Қазақ университеті, 2002.

Бабалықұлы, Жағда. *Қазақтың дәстүрлі мәдениеті*. Алматы: Дәуір, 2010.

Ерофеева, И. В., және Э. Т. Усманова. *XVIII–XIX ғ. басындағы қазақ билеуші элитасының айырым белгілері*. Алматы, 2014.

Жәнібеков, Өзбекәлі. *Этнография очерктері*. Алматы: Жазушы, 1983.

Игілікова, С. И., және М. М. Малбақов. “Қазақ тілі тарихындағы мата атаулары туралы.” *Наука и жизнь Казахстана*, no. 5, 2019, 163–167 б.

Кабдолдина, Г., және Т. Картаева. “Жаулық және орамал: қолөнер туындысы ретінде.” *Отан тарихы*, no. 1 (85), 2009, 173–189 б.

Қадырханқызы, Ж. *Қазақ сәндік-қолданбалы өнерінің терминдері*. Алматы: Ұлттық музей, 2018.

“Қазақ есімдерінің шығу тегі мен мағынасы.” *Abai.kz*, <https://abai.kz/post/6635>. Accessed 20 May 2026.

Қасиманов, Сәбит. *Қазақ халқының қолөнері*. Алматы: Қазақстан, 1969.

Күннанбаева, С., ж. б. “Ресей этнография музейіндегі қазақ дәстүрлі киімдерінің атрибуциясы.” *International Journal of Environmental and Science Education*, vol. 11, no. 10, 2016, pp. 309–318.

Марғұлан, Әлкей. *Ежелгі жыр, аңыздар*. Алматы: Жазушы, 1985.

Нұрмағанбетов, Әбдуәлі. *Бес жүз бес сөз*. Алматы: Санат, 1994.

Сейітов, С. *Қазақ этнографиясы*. Алматы: Атамұра, 2007.

Стасевич, И. В. *Женщина в традиционном казахском обществе*. Алма-Ата: Наука, 1983.

Төлеубаев, Ә. Т. *Қазақтың дәстүрлі шаруашылығы мен мәдениеті*. Алматы: Өнер, 2011.

Хинаят, Б., және А. Сүжикова. *Қазақ халқының ұлттық киімдері: Мата түрлері*. Алматы: Алматы кітап, 2007.

Шөже, М. *Қазақтың дәстүрлі тоқыма өнері*. Астана: Фолиант, 2013.

Alpysbayeva, A., et al. "Translation of Culture-Specific Items from Kazakh into English (in the Case of «Turkistan» by M. Jumabayev)." *Eurasian Journal of Philology. Science and Education*, no. 4, 2023, pp. 195–203.

Ashrafi, M., et al. "Applied Arts: Textiles and Carpets." *History of Civilizations of Central Asia*. Vol. V, UNESCO, 2003, pp. 215–227.

References

Argynbaev, Khalel. *Qazaq khalqynyn qoloneri*. [Crafts of the Kazakh people] Almaty: Oner, 1976. (in Kazakh)

Akhmetzhanova, Z. Q. *Qazaqtyn dasturli qoloneri*. [Traditional crafts of the Kazakhs] Almaty: Qazaq universiteti, 2002. (in Kazakh)

Babalyquly, Zhaghda. *Qazaqtyn dasturli madenieti*. [Traditional culture of the Kazakhs] Almaty: Dauir, 2010.

Erofeeva, I. V., and E. T. Usmanova. *XVIII–XIX gh. basyndaghy qazaq bileushi elitasynyn aiyrym belgileri*. [Distinctive features of the Kazakh ruling elite of the 18th–early 19th centuries] Almaty, 2014. (in Kazakh)

Zhanibekov, Ozbekali. *Etnografiia ocherkteri*. [Ethnographic essays] Almaty: Zhazushy, 1983. (in Kazakh)

Igilikova, S. I., and M. M. Malbaqov. "Qazaq tili tarihyndaghy mata ataulary turaly". [On the names of fabrics in the history of the Kazakh language] *Nauka i zhizn Kazakhstana*, no. 5, 2019, pp. 163–167. (in Kazakh)

Kabdoldina, G., and T. Kartaeva. "Zhaulyq zhane oramal: qoloner tuyndysy retinde". ["Shawl and scarf: as a product of handicraft."] *Otan tarihy*, no. 1 (85), 2009, pp. 173–189. (in Kazakh)

Qadyrkhanqyzy, Zh. *Qazaq sandik-qoldanbaly onerinin terminderi*. [Terms of Kazakh decorative and applied art] Almaty: Ulttyq muzei, 2018. (in Kazakh)

"Qazaq esimderinin shyghu tegi men magynasy". ["The origin and meaning of Kazakh names."] *Abai.kz*,

<https://abai.kz/post/6635>. Accessed 20 May 2026. (in Kazakh)

Qasimanov, Sabit. *Qazaq khalqynyn qoloneri*. [Crafts of the Kazakh people] Almaty: Qazaqstan, 1969. (in Kazakh)

Kunanbaeva, S., et al. "Resei etnografiia muzeindegi qazaq dasturli kiimderinin atributsiiasy". ["Attribution of Kazakh traditional clothing in the Russian Museum of Ethnography."] *International Journal of Environmental and Science Education*, vol. 11, no. 10, 2016, pp. 309–318. (in Kazakh)

Marghulan, Alkei. *Ezhelgi zhyr, anyzdar*. [Ancient poems, legends] Almaty: Zhazushy, 1985. (in Kazakh)

Nurmaghambetov, Abduali. *Bes zhuz bes so*. [Five hundred and five words] Almaty: Sanat, 1994. (in Kazakh)

Seitov, S. *Qazaq etnografiiasy*. [Kazakh ethnography] Almaty: Atamura, 2007. (in Kazakh)

Stasevich, I. V. *Zhenshchina v traditsionnom kazakhskom obshchestve*. [Woman in traditional Kazakh society] Alma-Ata: Nauka, 1983. (in Russian)

Toleubaev, A. T. *Qazaqtyn dasturli sharuashylygy men madenieti*. [Traditional Kazakh economy and culture] Almaty: Oner, 2011. (in Kazakh)

Khinaiat, B., and A. Suzhikova. *Qazaq khalqynyn ulttyq kiimderi: Mata turleri*. [National clothes of the Kazakh people: Types of fabrics] Almaty: Almatykitap, 2007. (in Kazakh)

Shozhe, M. *Qazaqtyn dasturli toqyma oneri*. [Traditional Kazakh weaving art] Astana: Foliant, 2013. (in Kazakh)

Alpysbayeva, A., et al. "Translation of Culture-Specific Items from Kazakh into English (in the Case of «Turkistan» by M. Jumabayev)." *Eurasian Journal of Philology. Science and Education*, no. 4, 2023, pp. 195–203.

Ashrafi, M., et al. "Applied Arts: Textiles and Carpets." *History of Civilizations of Central Asia*. Vol. V, UNESCO, 2003, pp. 215–227.

Author information

¹ Gaini Mukhtarova –

Candidate of Philosophical Sciences, Associate professor of the Committee for Control of Education and Science

Kulyash Bayseyitova Kazakh National University of Arts (Astana, Kazakhstan).

gaini.mukhtarova2022@gmail.com

ORCID: 0000-0003-4785-5148

² Malika Toleugaliyeva –

Second year Masters student of

«Scenography (by type),

Kulyash Bayseyitova Kazakh National University of Arts (Astana, Kazakhstan).

malikatoleugali@mail.ru

ORCID: 0009-0005-1994-5025

Автор туралы мәліметтер

¹ Мұхтарова Ғайни Сейсенқызы –

философия ғылымдарының кандидаты, БҒСБК қауымдастырылған профессор (доцент), Сценография және сәндік өнер» кафедрасының профессоры),

К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті (Астана, Қазақстан).

gaini.mukhtarova2022@gmail.com

ORCID: 0000-0003-4785-5148

² Толеугалиева Малика Мейрамовна -

«Сценография түрлері бойынша» 2 курс магистранты,

К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті (Астана, Қазақстан).

malikatoleugali@mail.ru

ORCID: 0009-0005-1994-5025

Сведения об авторе

¹ Гайни Сейсеновна – кандидат

философских наук, Ассоциированный профессор (доцент) ККСОН, Казахский национальный университет искусств им. К.Байсейітовой (Астана, Казахстан).

gaini.mukhtarova2022@gmail.com

ORCID: 0000-0003-4785-5148

² Толеугалиева Малика Мейрамовна -

магистрант 2 курса

«Сценография (по видам)»

Казахский национальный университет искусств им. К.Байсейітовой (Астана, Казахстан).

malikatoleugali@mail.ru

ORCID: 0009-0005-1994-5025